

**«Балбөбек-1» бөбекжай- балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің Қазақ тілі перспективалық
жоспары
«Балауса» ортаңғы топ**

**Тәрбиешіл: Абилова Мадина
Ерболовна**

Қыркүйек	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә,ө дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін(кереге,уық,шаңырақ)сөздермен толықтыру.
Қазан	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен суреттер арқылы танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән қ,ү,ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бауарқан, жіп) сөздермен толықтыру.
Қараша	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім-кешегімен,азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен суреттер арқылы танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,қазақ тіліне тән қ,ү,ұ дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор:

		Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттар.
Желтоқсан	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері,әсем табиғаты,тарихи орындары туралы суреттерден альбомдар жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: Тұрмыстық заттарды білдіретін оның ішінде аншылық кәсіпті (аң,аңшы,орманшы,қорықшы) сөздермен толықтыру. Тілдің граматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп,септеп қолдана білуді,интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.
Қаңтар	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Екіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы,ортасы,соңы). Сөздік қор: Тұрмыстық заттарды білдіретін соның ішінде мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздерімен толықтыру. Тілдің граматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуді қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Өз бетінше қарым-қатнас жасауға,әңгімелесуге,әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Ақпан	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуде мақа-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың ішінде егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.
Наурыз	Қазақ тілі	Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.
Сәуір	Қазақ тілі	Байланыстырып сөйлеу Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Мамыр	Қазақ тілі	Байланыстырып сөйлеу: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан

		кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
--	--	--